

**«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қазақ тілі пәні бойынша мектеп тәжірибесіне енгізудің тиімділігі» тақырыбындағы 80 сағаттық педагогтердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. **Мектеп грамматикасы және оны оқыту әдістемесі (коммуникативті-функционалды бағыт)** тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мектеп мұғалімдері мен болашақ мамандарға арналған.

2. Бағдарлама білім берудің мемлекеттік стратегияларына сәйкес жаңаша оқытудың сұранысын өтеуге қызмет атқарады. Оқушылардың сыни ойлауын, аналитикалық ойлауын дамытып, шығармашылық іс-әрекетке жетелейтін лингводидактикалық әдістерге басымдық беріледі. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі грамматикалық заңдылықтарды тілдің коммуникативтік-функционалдық аспектісімен байланыстырып, «мағынадан формаға қарай», «дүниетанымнан сауаттылыққа қарай» ұстанымын басшылыққа алады. Қазақ танымындағы әрбір тілдік бірліктің (сөз, сөйлем, мәтін мен қосымшалардың) мағына білдіру, ақпаратты жеткізу, қолданылу қызметі мен мәдениеттегі орны кешенді түрде талданады. Нәтижесінде дүниелік білім мен лингвистикалық білімді өзара сабақтастырып, кешенді оқыту процесінің моделі көрсетіледі. Тілдің лексикалық, грамматикалық жүйесі сөйлемге, мәтінге байланып, олардың коммуникациядағы, мағына жеткізудегі, мәдениеттегі орны көрсетіледі. Әрбір талдау креативті, сыни, аналитикалық ойлауға негізделген тапсырмалар жүйесін құрайды. Оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар ұсынылады. Бағдарлама нәтижеге бағдарланған білім беруді жүзеге асырады.

## **2. Глосарий**

1. **Қазақ тілін кешенді оқыту** – мәтін құрамындағы сөз, тұрақты тіркес, мақал-мәтел, сөз тіркесі, сөйлемдердің ашық және жасырын мәндегі ақпараттық мағынасына, оған қызмет атқаратын әрбір тілдік элементке интерпретация жасау арқылы оқушының ойлау дағдысын, жеке тұлғалық ерекшелігін дамыта оқыту.

2. **Коммуникативтік-функционалдық бағытта оқыту** – сөйлеуші-тыңдаушы, автор-оқырман арасындағы қарым-қатынасты, ақпаратты тілдік бірліктердің (сөйлем, мәтін) өн бойынан анықтап, саралап оқыту.

3. **Қазақ тілінің білім мазмұны** – қазақ тілінің лексикологиясы мен грамматикалық жүйесіндегі әдеби тіл нормалары.

4. **Дүниелік білім** – халықтың өзін қоршаған ортадағы шындық болмысты танып, одан ой түйіндеулер жасап, оны өзінің тілдік іс-әрекетінде қолданып, сол ұлттың ғана дүниетанымын, интеллектуалдық қабілетін, ақыл-ойын көрсететін, халықтың ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесінен жинақталып, нақты тұжырымға негізделген аялық білімдер жиынтығы.

**5. Лингвистикалық білім** – дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға негіз болатын жалпыхалыққа түсінікті болып, нормаға түскен тілдік заңдылықтар жиынтығы.

**6. Тілдік бірліктердің функциясы (семантикасы)** – дыбыстан бастап мәтінге дейінгі тілдік бірліктердің атқаратын қызметін айқындау.

**7. Тілдік бірліктердің қолданысы (прагматикасы)** – коммуникативтік жағдаятқа байланысты әрбір тілдік бірліктің қолданылу ерекшелігін, олардың экспрессивті, эмоционалдық мәнін анықтау.

**8. Ақпараттық мағына** – түрлі ақпаратты жеткізу үшін адам танымында орныққан мағыналар жиынтығы.

**9. Лингвистикалық интерпретация** – сөйлемнің, мәтіннің мағынасына түсініктеме беру.

**10. Лингводидактика** – тілдік бірліктер мен тілдік заңдылықтарды оқытудың теориялық негізі.

**11. Лингвометодика** – тілдік бірліктер мен заңдылықтарды оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер.

**12. Тілді байқау әдісі** – грамматика, стилистика, орфография, лексикография, фразеология саласы бойынша тілдік материалды оқып үйренудің алғашқы кезеңінде қолданып, тілдік материалды мәтіннен тауып бөліп алу, оларды қандай да бір белгілеріне қарай сұрыптап салыстыру, баяндау, соның негізінде сөз формаларының, сөз тіркесінің, сөйлем құрылымының өзгергендігін дәлелдеп, нақты фактілерге, ережелер сүйене отырып, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру әдісі.

**13. Коммуникативті-грамматикалық әдіс** – мәтіндегі белгілі бір грамматикалық құбылыстың (тұтас сөйлем, оның бөлшегі сөз тіркестері, сөйлем мүшелері жеке морфемалар) ақпарат жеткізу қызметіне, грамматикалық сипатына талдау жасап, грамматикалық ойлау дағыдысын қалыптастыратын әдіс.

**14. Тілдік іс-әрекет әдісі** – тыңдалым/ айтылым, жазылым, оқылым әрекеттері арқылы қазақ тілінің интонологиялық, орфоэпиялық орфографиялық, көпмағыналылық қызметінде жұмсалатын тілдік бірліктердің ерекшеліктерін талдап оқыту.

### Модульдердің оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптардың (модульдердің) атауы	Барлығы	Лекциялар	Семинарлар	Дәріс-диалог	Практ. жұмыс	Іскерлік ойын	Тренинг	Дөңгелек үстел	КПС	Конференция	Диагностика	Лектордың тегі, аты-жөні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	«Сатылай кешенді	10	2	2				6					

	<b>оқыту» технологиясының әдістемелік негізі – алаш зиялыларының әдістемелік мұрасы</b>											
1.1	Ж.Аймауытов еңбектерінің ғылыми-әдістемелік негізі – «Сатылай кешенді оқыту»технологиясының өзегі	2					2					Оразахынова Н.А.
1.2	Ж.Аймауытов еңбектеріндегі мұғалімге қойылатын талаптар мен «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының сабақтастығы. “Сатылай кешенді оқыту” технологиясының деңгейлері	2	2									Оразахынова Н.А.
1.3	Ж.Аймауытов еңбектеріндегі мұғалімге қойылатын талаптар мен «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының сабақтастығы. “Сатылай кешенді оқыту” технологиясының деңгейлері	2					2					Оразахынова Н.А.
1.4	Ж.Аймауытов әдістемесіндегі сабаққа қойылатын талаптар мен «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының үндестігі	2					2					Оразахынова Н.А.
1.5	“Сатылай кешенді оқыту” технологиясы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру	2		2								Оразахынова Н.А.
<b>II</b>	<b>Фонетика. Сөзсаяндық талдау. Дыбыстар математикалық тәсілмен дыбыстық</b>	<b>38</b>	<b>16</b>			<b>20</b>	<b>2</b>					

	<b>мінездеме</b>												
2.1	Түбір (жуан, жіңішке, аралас) сөзге сөзсазындық талдау	2					2						Оразахынова Н.А.
2.2	Дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Тізбекті талдау	2	2										Оразахынова Н.А.
2.3	Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.	2	2										Оразахынова Н.А.
2.4	Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Бқшамдау және белгісіздікпен өрнектеу, дыбыстық мінездеме беру	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.5	Жақтың ашылу дәрежесіне қарай дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Бқшамдау және белгісіздікпен өрнектеу. Диалогті талдау	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.6	Ерін мен езудің қатысына қарай дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Бқшамдау және белгісіздікпен өрнектеу, дыбыстық мінездеме беру	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.7	Дауысты дыбыстарды диалогті талдау	6				2							Оразахынова Н.А.
2.8	Дауысты дыбыстарды диалогті, кері талдау	2				2							Оразахынова Н.А.
2.9	Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру	6	2										Оразахынова Н.А.
2.10	Үн мен салдырдың қатысына қарай дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Бқшамдау және белгісіздікпен өрнектеу, дыбыстық мінездеме беру	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.11	Айтылу, жасалу тәсіліне қарай дауыссыз	4	2			2							Оразахынова Н.А.

	дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Ықшамдау және белгісіздікпен өрнектеу, дыбыстық мінездеме беру											
2.1 2	Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Ықшамдау және белгісіздікпен өрнектеу, дыбыстық мінездеме беру	2			2							Оразахыно ва Н.А.
2.1 3	Дауыссыз дыбыстарды диалогті талдау	2			2							Оразахыно ва Н.А.
2.1 4	Дауыссыз дыбыстарды диалогті кері талдау	2			2							Оразахыно ва Н.А.
<b>Ш</b>	<b>Сөзсазындық талдау</b>	<b>22</b>	<b>10</b>		<b>12</b>							
3.1	Бір қосымшалы сөздерге сөзсазындық талдау.	4	2		2							Оразахыно ва Н.А.
3.2	Екі қосымшалы жуан буынды сөздерге сөзсазындық (фонология) талдау. Ықшамдау және белгісіздікпен өрнектеу. Диалогті және кері талдау	2	2									Оразахыно ва Н.А.
3.3	Екі қосымшалы жіңішке буынды сөздерге сөзсазындық (фонология) талдау. Ықшамдау және белгісіздікпен өрнектеу. Диалогті және кері талдау	4	2		2							Оразахыно ва Н.А.
3.4	Екі қосымшалы аралас буынды сөздерге сөзсазындық (фонология) талдау. Ықшамдау және белгісіздікпен өрнектеу. Диалогті және кері талдау	4	2		2							Оразахыно ва Н.А.
3.5	Буын үндестігіне бағынбайтын сөздерге сөзсазындық (фонология) талдау. Диалогті және кері талдау	4	2		2							Оразахыно ва Н.А.
3.6	Уақытқа талдау	2			2							Оразахыно ва Н.А.
3.7	Фонетикадан өткен	2			2							Оразахыно

	материалдарға жат жазу												ва Н.А.
<b>IV</b>	<b>Тәжірибелік модуль</b>	<b>2</b>										<b>2</b>	
4.1	Тыңдаушылардың кәсібие біліктілік дәрежесі мен сұраныстарының кіріс және қорытынды диагностикасы	2										2	Оразахынова Н.А.
<b>Барлығы:</b>		<b>80</b>	<b>28</b>	<b>2</b>		<b>32</b>		<b>8</b>				<b>2</b>	

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

**Бағдарламаның мақсаты** – қазақ тілі пәнін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен оқыта отырып оның ғылыми концепцияны түсіну, шешім қабылдай білу, қоғамның мәдени, экономикалық дамуына әсер ете білетін белсенді азаматты әр түрлі форматтағы тапсырмаларды орындату тәсілдері арқылы қалыптастыру.

##### **Бағдарлама міндеттері:**

- 1) мұғалімдерді қазақ тілі сабағында оқытудың белсенді стратегиялары мен инновациялық амалдарды тәжірибелік тұрғыда мақсатты түрде пайдалануға жұмылдыру;
- 2) пәннің мазмұнын ғылыми негізде меңгертіп, әр дыбыстың, сөздің, сөйлемнің ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін жан-жақты түсіндіре отырып, сөз сырына бойлату арқылы оқушының танымдық дүниесін, өзіндік көз қарасын қалыптастыру;
- 3) жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру;
- 4) «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының он деңгейін зейін қоя отырып рет-ретімен жүйелі үйреніп, талдаудың түрлі амал-тәсілдерін саналы меңгерген сапалы білім алуға болатындығына көз жеткізу;
- 5) пәнаралық байланыс арқылы ғылымдағы өзгерістер мен жаңалықтардың тоғысын зерделеуге үйрету;
- 6) интерактивті тақта, компьютермен талдау жұмыстарын жүргізу арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, жазу сауаттылығымен қатар ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын жетілдіру;
- 7) сатылай кешенді талдау арқылы теориялық материалды практикалық тұрғыдан талдап, тұжырым жасап, оны өмірде қолдана білуге бейімдеу;
- 8) түрлі шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оларды іскерлікке, тапқырлыққа баулу.

##### **Күтілетін оқу нәтижелері**

##### **Курсты меңгеру нәтижесінде тыңдаушы:**

##### **Білуі керек:**

- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы жүйесінің стратегиялық бағыттары мен оның нормативті-құқықтық негіздерін;

- «Сатылай кешенді оқыту» мақсаттары мен міндеттерін.

***Істей алуы керек:***

- тыңдаушыларға арналған жұмыс дәптерін пайдаланып, оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, жаңартылған бағдарламаға сәйкес сабақ жоспарын дайындап, интернет-ресурстарды өз қызметінде пайдаланады.

***Игеруі керек:***

- дәстүрлі оқыту мен «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен заманауи оқыту жүйесін салыстырып, қорытынды (қазіргі сабақ моделін және оқу сауаттылығын арттырудың басты факторларын алгоритмге салады) жасайды;

- заманауи талаптарға сай сабақтың жобасын ұсынады;

- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының шеберлікті шыңдаудағы рөлін бағамдамдайды; өз әрекетін (жобасын) жаңаша оқытудың мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан бағалайды.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) қазақ тілінің грамматикалық жүйесін (ӘТН) тиімді оқыту;

3) Қазақ грамматикасы: лингвистикалық интерпретация және оқу сауаттылығы;

4) Қазақ тілі грамматикасы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер;

5) Қазақ тілі грамматикасы бойынша сабақ жоспарлау.

1-бөлім. Нормативтік-құқықтық. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін басқару мен ұйымдастыруда басшылыққа алынатын құжаттармен танысып, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарына сай қазақ тілін оқытудың жүйесін айқындауға мүмкіндік береді.

2-бөлім. «Қазақ тілінің грамматикасы бойынша жаңартылған білім беру жүйесінің концептуалдық негізі коммуникативті-функционалды грамматика екені көрсетіліп, әрбір тілдік бірліктің мәні, мағынасы тілдік қатынастағы қызметі анықталады. Коммуникативті-функционалды теория мен коммуникативтік аспектіде оқытудың мәнімен танысады.

3-бөлім. Қазақ грамматикасы: лингвистикалық интерпретация және оқу сауаттылығы. Мәтінге лингвистикалық талдау жасаудың жолдары көрсетіліп, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға арналған лингвистикалық интерпретацияның жүйесі қарастырылады. Лингвистикалық интерпретацияның негізі грамматика екені дәлелденеді.

4-бөлім. Қазақ тілінің грамматикасы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер. Грамматикалық ойлау, сыни ойлау, аналитикалық ойлау, шығармашылық ойлау қабілетін арттыратын тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер талданады.

5-бөлім. Қазақ тілінің грамматикасы бойынша сабақ жоспарлау. Қазақ тілі пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттары талданып, сабақты жоспарлауға қажетті жүйе жасаудың жолдары көрсетіледі. Мұғалімдердің сабақты жоспарлаудағы шығармашылық шеберханасы бойынша жұмыстар жүргізіледі, өзара тәжірибе алмасып, жан-жақты талданады. Курс барысында алған білімдері негізінде сабақты жаңаша жоспарлайды.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды;

Білім беру үдерісі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-вебинар, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, өзіндік жұмыс.

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасайды және ықшамсабақ өткізіледі.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

### **1 бөлім. Нормативтік-құқықтық жүйе**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат.

Онлайн оқыту режимінде (дәріс-4 сағат)

1) Бөлімнің өзектілігі: ҚР жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген талаптарды саралап, қазақ тілінің грамматикалық жүйесін оқытуда ескерілетін негізгі мәселелерді талдау, саралау, ұсыну өте өзекті мәселе.

2) Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері:

Мақсаты: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық білім мен жетік білімді мектеп грамматикасына сай жүйелеу.

Міндеттері:

- мектеп грамматикасын оқытуды жетік меңгеру үшін мұғалімге қойылатын талаптарды нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде зерделеу.

- мектеп грамматикасын сыни ойлау, шығармашылық ойлау, аналитикалық ойлау дағдысымен байланыстырудың маңызын ашу;

- мектеп грамматикасын ғылыми зерттеулердің талаптарына сәйкестендірудің жолдарын көрсету.

3) Күтілетін нәтижелер:

- орта мектепте грамматиканы оқыту арқылы коммуникативтік, зерттеушілік құзыреттілікті дамытудың жолдарын игереді;



- мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарына сай грамматиканы оқытудың маңызды екенін көрсете алады;
- жаңартылған білім беру бағдарламасындағы грамматикаға арналған оқу мақсаттарына талдау жасайды;

## **2-бөлім. Қазақ тілінің грамматикалық жүйесін тиімді оқыту**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 32 сағат.

- 1) Бөлімнің өзектілігі: Бұл бөлімде мектеп бағдарламасындағы грамматикаға арналған тапсырмаларды коммуникативті-функционалды аспектіде оқытып, грамматиканы мәтінге байлаудың жолдарын көрсету басшылыққа алынады. Қазіргі кезде мәтін мен грамматиканы бірлікте оқыту мәселесі шешімін таппай отырғаны белгілі. Мектеп мұғалімдеріне грамматиканы коммуникативтік-функционалды аспектіде оқытудың методикасын білу аса маңызды.
- 2) Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері: грамматиканы Адам-Қоғам-Табиғат үштігіндегі парадигма аясына кіріктіріп, сөйлем мен мәтіннің мағынасымен байланыстыра оқыту осы бөлімнің басты мақсатына жатады.  
Міндеттері:
  - сөйлем құрамынан түбір мен қосымшаның қызметін анықтау үшін морфосинтаксистік мәні ерекше екенін түсініп қолдана алуға үйрету;
  - сөйлемдерді сөйлеу түрлерімен байланыстыра оқытудың жолдарын, маңызын көрсету;
- сөйлемдерге коммуникативті-функционалды талдау жасаудың кешенді үлгісін көрсету;
- интонация және оның компоненттерін оқытудың маңыздылығын көрсету.
- 3) Күтілетін нәтижелер:
  - әрбір грамматикалық бірліктің коммуникативтік мақсатқа сай мағыналық ерекшелігін ажыратып, тапсырмалар құрастыра алады;
  - сөйлеу тілі мен грамматиканы сабақтастырып, ауызекі сөйлеу, көркем сөйлеу, ғылыми сөйлеу, публицистикалық сөйлеу, іскери сөйлеу кезіндегі грамматикалық ерекшеліктерді көрсете алады;
  - сөйлем құрамындағы тілдік бірліктерге грамматикалық талдау жасаудың парадигмасын анықтап, әр жүйе бойынша талдау жасай алады.

## **3-бөлім. Қазақ грамматикасы: лингвистикалық интерпретация және оқу сауаттылығы**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 16 сағат.

- 1) Бөлімнің өзектілігі: Бұл бөлімде лингвистикалық интерпретация жасаудың негізі грамматикамен байланыстырылады. Сөйлем синтаксисі, мәтін синтаксисі заңдылықтарын ескере отырып, лингвистикалық интерпретация жасаудың жолдарын көрсету бөлімнің өзекті мәселеге құрылғанына дәлел бола алады.

2) Бөлімнің мақсаты: лингвистикалық интерпретация жасауды практикалық тұрғыда игерудің жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- қазақ тіліндегі жай сөйлемдерді интерпретациялаудың жолдарын көрсету;
- құрмалас сөйлемді интерпретациялаудың ерекшеліктерін талдау;
- Мәтінді интерпретациялау және оның заңдылықтарын көрсету.
- Сөйлемдерге, мәтінге лингвистикалық интерпретация жасаудың оқыту үдерісіндегі маңызын, білім берудегі жаңа парадигмаларға сәйкестігін анықтау.

3) Күтілетін нәтижелер:

- лингвистикалық интерпретацияны грамматикамен байланыстыра алады;
- сөйлем құрамындағы тілдік бірліктердің қызметі арқылы жай сөйлемді интерпретациялаудың жолдарын игереді;
- құрмалас сөйлемнің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін ажыратады, лингвистикалық интерпретация жасау арқылы семантикалық мүмкіндіктерді ашады;
- мәтінге лингвистикалық интерпретация жасау арқылы ақпараттың түрлерін анықтайды;
- лингвистикалық интерпретацияны оқу сауаттылығы тапсырмаларын құрастырудың жолы ретінде қолдана алады.

#### **4-бөлім. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер.**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 12 сағат.

1) Бөлімнің өзектілігі:

Лингвистикалық интерпретация сөйлемнің, мәтіннің астарындағы мағынасын түсіну жолдарын айқындайтын көрсеткіш ретінде ерекшеленеді. Астарлы мағынаны ажырату бүгінгі күнгі білім беру жүйесінде өте өзекті мәселе. Бұл оқу сауаттылығын арттырудың негізгі көрсеткіші.

2) Бөлімнің мақсаты: оқу сауаттылығын арттыруға қызмет атқаратын грамматикалық ерекшеліктерді қолдана отырып, саралап оқыту әдістері мен 4 К моделін қолданудың тиімділігін көрсету.

Міндеттері:

- лингвистикалық интерпретация мен саралап оқыту әдістерін байланыстыру;
- сөйлемдерге, мәтінге лингвистикалық интерпретация жасау арқылы 4 К моделін қолданудың жолдарын көрсету;

3) Күтілетін нәтижелер:

- лингвистикалық интерпретация грамматикалық талдау жасаудың бір түрі екенін дәлелдей алады;

- сөйлемдер мен мәтінді оқыту барысында саралап оқыту әдісін қолдана алады;
- грамматиканы оқытуда сыни ойлау, креативті ойлау, коммуникация, координация төрттігін кіріктере қолданудың жолдарын көрсете алады.

## 5 бөлім. Қазақ тілі грамматикасы бойынша сабақ жоспарлау

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 16 сағат.

- 1) Бөлімнің өзектілігі: Қазақ тілі грамматикасын мәтінге байлау арқылы сабақ жоспарын құрастыру осы бөлімнің өзектілігін көрсетеді.
- 2) Бөлімнің мақсаты: Қазақ тіліндегі мәтін талдау жұмыстарын грамматикалық амал-тәсілдер арқылы анықтап, мәтіндегі негізгі, қосымша, детальды ақпараттарды табудағы грамматиканың орнын көрсететін сабақ жоспарын жасау.

Міндеті:

- мәтін мен грамматиканы өзара сабақтастықта зерделеу;
  - мәтіндегі ақпараттардың мәнін анықтайтын тілдік бірліктердің қызметіне байланысты тапсырмалар құрастыру;
  - ықшам сабақ жоспарын жасап, сабақ өткізу.
- 3) Күтілетін нәтижелер:
    - грамматиканы мәтіннің ажырамас бөлігі ретінде түсіндіре алады;
    - мәтін мен грамматиканың байланысындағы тапсырмаларды құрастыра алады;
    - мәтіндегі негізгі ақпаратты, қосымша ақпаратты, детальды ақпаратты грамматикалық амал-тәсілдер арқылы анықтаудың жолдарын көрсетеді;
    - түрлі тапсырмалар құрастыра алады;
    - ықшам сабақ жоспарын дайындап, панорамалық сабақтың видеосын салады.

### Қашықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№	Тақырыптардың (модульдердің) атауы	Барлығы	Лекциялар	Семинарлар	Дәріс-диалог	Практ. жұмыс	Іскерлік ойын	Тренинг	Дөңгелек үстел	КПС	Конференция	Диагностика	Лектордың тегі, аты-жөні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
I	Сөзжасам	10	2	2				6					
1.1	Сөздердің жасалу жолдары. Негізгі түбір сөздерді сатылай кешенді	2						2					Оразахынова Н.А.

	талдау												
1.2	Синтетикалық немесе морфологиялық тәсілмен жасалған сөздерді сатылай кешенді талдау	2	2										Оразахынова Н.А.
1.3	Аналитикалық немесе синтаксистік тәсілмен жасалаған сөздерді сатылай кешенді талдау. Тіркесті сөздерді сатылай кешенді талдау	2					2						Оразахынова Н.А.
1.4	Қос сөздерді сатылай кешенді талдау	2					2						Оразахынова Н.А.
1.5	Біріккен, кірікен сөздерді сатылай кешенді талдау	2		2									Оразахынова Н.А.
<b>II</b>	<b>Морфология</b>	<b>60</b>	<b>20</b>	<b>6</b>		<b>26</b>	<b>8</b>						Оразахынова Н.А.
2.1	Зат есім, оның түрлерін лексика-грамматикалық мағынасына қарай сатылай кешенді диалогті талдау	6	2			2	2						Оразахынова Н.А.
2.2	Сын есім, оның түрлерін лексика-грамматикалық мағынасына қарай сатылай кешенді диалогті талдау	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.3	Сан есім, оның түрлерін лексика-грамматикалық мағынасына қарай сатылай кешенді диалогті талдау	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.4	Зат есім, сын есім, сан есімнің олардың түрлерін, жасалу жолдарын белгісіздікпен өрнектеу	6	2	2		2							Оразахынова Н.А.
2.5	Зат есім, сын есім, сан есімнің оның түрлерін, жасалу жолдарын математикалық тәсілмен өрнектеу	6	2	2		2							Оразахынова Н.А.
2.6	Зат есімді кері қарай сатылай кешенді талдау	6				2							Оразахынова Н.А.
2.7	Сын есім, сан	2				2							Оразахынова

	есімдерді кері қарай сатылай кешенді талдау												Н.А.
2.8	Есімдік, етістік, олардың түрлерін лексика-грамматикалық мағынасына қарай сатылай кешенді диалогті талдау	6	2	2		2							Оразахынова Н.А.
2.9	Үстеу, еліктеу сөздерді, олардың түрлерін лексика-грамматикалық мағынасына қарай сатылай кешенді диалогті талдау	4	2				2						Оразахынова Н.А.
2.10	Есімдік, етістік олардың түрлерін, жасалу жолдарын белгісіздікпен өрнектеу	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.11	Есімдік, етістік олардың түрлерін, жасалу жолдарын математикалық тәсілмен өрнектеу	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.12	Одағай, шылау сөздерді сатылай кешенді талдау	4	2			2							Оразахынова Н.А.
2.13	Ұлттық ойындар арқылы сөз таптарынан өткенді қайталау	4					4						Оразахынова Н.А.
2.14	Уақытқа талдау	6				2							Оразахынова Н.А.
2.15	Жат жазу	2				2							Оразахынова Н.А.
<b>III</b>	<b>Тәжірибелік модуль</b>	<b>2</b>										<b>2</b>	Оразахынова Н.А.
3.1	Тыңдаушылардың кәсібие біліктілік дәрежесі мен сұраныстарының кіріс және қорытынды диагностикасы	2										2	Оразахынова Н.А.
<b>Барлығы:</b>		<b>80</b>	<b>22</b>	<b>8</b>		<b>26</b>		<b>14</b>				<b>2</b>	

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы).

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

**1) Бірінші модуль:**

*- Үздіксіз білім беру үрдісіндегі білім беру технологияларының рөлі – 10 сағат.*

ҚР “Білім туралы” Заңының жүзеге асырылуы және Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы аясында атқарылатын іс-шаралар. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім беру тұжырымдамасы. Жалпы білім беретін орта мектептегі жаңартылған бағдарламалары мен оқулықтарындағы білім беру технологияларының рөлі.

№	Модульдердің тақырыптары	Сағат саны	Сұрақтар /балл саны
1	<i>Үздіксіз білім беру үрдісіндегі «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының рөлі</i>	10	
2	<i>Сатылай кешенді талдау жүргізу</i>	38	3
3	<i>Сөзсаяндық талдау</i>	22	10
4	<i>Тәжірибелік модуль</i>	2	7
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>30</b>

**2) Екінші модуль:**

*3) - Сөзжасам 10 сағат.*

*4) - Морфология 60 сағат.*

*5) - Тәжірибелік модуль 2 сағат.*

**Үшінші модуль:**

*6) - Синтаксис. Жай сөйлем 32 сағат.*

*7) - Синтаксис. Құрмалас сөйлем 16 сағат.*

*8) - Лексика. Сөз мағаналары 22 сағат.*

*9) - Тәжірибелік модуль 2 сағат.*

**Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы**

Бағалау	Орындаудың %-дағы ауқымы	Баллдар
5	90%-100%	54-60
4	75-89%	45-53
3	50-74%	30-44
2	50% жуық	40 баллдан кем емес

**9. Курстан кейінгі қолдау**

Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары:

-Онлайн конференция Zoom-мен кездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsapp, Telegram желісінде кері байланыс орнату.

2. Ресурстық қамтамасыз ету:

- оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми монографиялардың сілтемесі (Әдістемелік нұсқаулық).

3. «Грамматикалық білім беруді зерттеу» кейсі

3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні және бастауыш сынып мұғалімдері:

- Тыңдаушылардың сабақ өткізудегі эксперименттерін талдау, теориялық, педагогикалық жақтан көмек көрсету (Әдістемелік басылым).

- эмпирикалық зерттеулер жүргізуде кеңес беру, ғылыми жобаларға тарту.

- Педагогтің қатысуымен өткізетін тәжірибелік семинар, онлайн семинар, вебинар, шеберлік сағаттары, пікірталас алаңдарын өткізу іс-шараларын жоспарлау.

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

### *Негізгі әдебиеттер:*

1. Н.А. Оразахынова. «Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері» (монография), –Алматы, ТОО Фирма «Дайыр» 2007 ж. 289 бет.
2. Ф.Ш.Оразбаева, Н.А. Оразахынова. «Нормативті қазақ тілі», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2010ж. 274 бет.
3. Н.А. Оразахынова, К.Ә. Әбдірейімова. «Сөз мәдениеті». Қазақ тілі. 10-сынып. Жаратылыстану-математика бағыты (оқулық), –Алматы, Мектеп, 2014 ж. 15 б.т.
4. Н.А. Оразахынова, К.Ә. Әбдірейімова. «Сөз мәдениеті». Қазақ тілі. 10-сынып. Жаратылыстану-математика бағыты. (әдістемелік нұсқаулық), –Алматы, Мектеп, 2014 ж.8 б.т.
5. Н.А. Оразахынова. «Практикалық қазақ тілі» (оқу құралы ), – Алматы, ТОО Фирма «Дайыр», 2009ж. 252 бет.
6. Н.А.Оразахынова, Р.М.Шалова. «Бастауыш сыныпта тілдік бірліктерді сатылай кешенді талдау». –Алматы, ТОО Фирма «Дайыр», 2010, 149 бет.
7. Ф.Ш. Оразбаева., Б.Қ. Қасым, Ж.Қ.Балтабаева, Н.А. Оразахынова, Р.С.Рахметова. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Оқулық. –Қарағанды, ЖШС «Medet Group», 2016 ж., 26,5.б.т